

Президент Жолдауы аясындағы кездесу: Ауыл партиясы өкілдерімен ашық диалог 30.09.2025ж

2025 жылғы 30 қыркүйекте университетте ҚР Президентінің Жолдауын талқылауға арналған кездесу өтті. Іс-шараға «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының Мәжіліс депутаттары, университет оқытушылары мен білім алушылары қатысты.

Кездесу барысында депутаттар Президент Жолдауында көтерілген негізгі бағыттарға тоқталып, ауыл шаруашылығын дамыту, агроөнеркәсіп кешенін қолдау, білім мен жастар саясатына қатысты бастамалар жайында баяндады. Студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ел болашағына қатысты өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Бұл кездесудің басты мақсаты – жастардың саяси сауаттылығын арттыру, елдің даму жолындағы реформалармен таныстыру және ашық диалог құру. Іс-шара өзекті әрі мазмұнды пікір алмасуға ұласты.



